



Тауарларды сатып алу жөнінде шарт №1133551/2025/1

01.08.2025 жылғы

"Кедентранссервис" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, Директор Ильясов Нургали Орманович негізінде әрекет ететін 27.12.2024 ж. № 54 СЕНІМХАТ, атынан, бір жағынан, және ИП "Marble-Stone" бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, Басшы МУКУШЕВ САЙФУЛЛА САГИДУЛЛАЕВИЧ негізінде әрекет ететін Талона, , екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1133551 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылады;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқ;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалады және сәйкестендірді.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тауарларды Шартта көрсетілген бағалар, өлшемдер және басқа да талаптар бойынша (бұдан әрі - Тауар) Тапсырыс берушінің меншігіне жіберуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптарында Тауарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 38355.30 (отыз сегіз мың үш жүз елу бес теңге, отыз тиын) Теңге ҚҚС-сыз құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды, Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.4. Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар жеткізілген тауарлар Актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-Қабылдап алу - беру актісі (актілері)) қол қойған және күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.4.2. Шот-фактуралар (16.0-бағанда) Филиалдың БСН көрсетіледі)

2.4.3. Қабылдау-тапсыру актісі, шығыс жүкқұжаты (жүкқұжатта Филиалдың атауы көрсетіледі)

2.4.4. Сатып алынатын Тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанындағы сертификат (түпнұсқа, нотариалды куәландырылған көшірме не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірме).

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Қабылдау-беру актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Электрондық түрде Веб-порталда Тауарларды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауына/қол қоюына байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.7. Нақты жеткізілген тауар үшін төлем бұрын төленген алдын ала төлем ескеріле отырып жүргізіледі.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші тауарды №1 қосымшаға сәйкес мекенжай бойынша және Тапсырыс берушінің өтінімдеріне сәйкес мерзімде жеткізудің ең ұзақ мерзімі өтінім келіп түскен күннен бастап күнтізбелік 3 күннен аспайтын мерзімде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге қабылдау-беру актісіне(актілеріне) сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ зақымдану қаупі заң актілеріне немесе шартқа сәйкес өнім беруші тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелген сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

3.3. Тапсырыс берушінің тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойған күні тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Тауарды өнім беруші





Тапсырыс берушіге қабылдау-беру актісіне сәйкес және Шартқа №1, №2 қосымшаларға сәйкес саны мен сапасы бойынша береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап өнім берушіден тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына енгізіледі.

3.4. Өнім беруші Тапсырыс берушінің тауарды тағайындау пунктіндегі өкіліне мынадай құжаттарды: 1) тауардың толықтығы, оның техникалық сипаттамалары, пайдалану қағидалары, кепілдіктері туралы мәліметтерді қамтитын құжаттардың түпнұсқаларын немесе нотариат куәландырған көшірмелерін және тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді (сапа сертификаты/техникалық паспорт және т. б.). Көрсетілген құжаттар мынадай жағдайларда ұсынылмайды: егер жоғарыда аталған акпарат тауардың өзінде көрсетілсе; егер тауардың сапасы дайындаушы кәсіпорынның (техникалық бақылау бөлімінің) мөртабанымен, штрих-кодпен немесе тауардың өзінде және/немесе оның қаптамасында басқа белгімен расталса (дайындаушы зауыттың хатында көрсетілген белгілердің толық жазылуы берілуі тиіс); 2) Кеден одағының сынақ зертханаларын (орталықтарын) сертификаттау жөніндегі органдардың бірыңғай тізіліміне енгізілген Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы не сертификаттау (сәйкестікті бағалау/растау) жөніндегі аккредиттелген орган, сынақ зертханасы (орталығы) берген белгіленген үлгідегі тауардың сәйкестік сертификатының/декларациясының түпнұсқасы немесе көшірмесі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тауар міндетті сертификаттауға жатпаса, онда Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы хатының түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсыну қажет; 3) қабылдау кезінде тауардың шығарылу саны мен жылы, шығарылған сертификатының/сапа паспортының нөмірі мен күні көрсетіле отырып, Тапсырыс берушінің атына дайындаушы зауыттың кепілдік міндеттемесінің түпнұсқасын беру қажет. жеткізуші, дайындаушы зауытқа мәлімдеген жеткізілетін тауардың тиесілігі; 4) шот-фактураның көшірмесі; 5) тауарды қабылдауға-беруге қатысатын адамның өкілеттігін куәландыратын сенімхаттың түпнұсқасы; 6) Шығыс жүкқұжатының түпнұсқасы (бір данада ұсынылады).

3.5. 3.4-тармақта аталған құжаттардың кез келгені болмаған жағдайда. Тапсырыс беруші тауарды қабылдаудан бас тарту немесе оны өнім берушінің есебінен жауапты сақтауға қабылдау құқығын өзіне қалдырады.

3.6. Тауарды саны бойынша қабылдау оның нақты болуы бойынша және өнім беруші 3.4-тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынған жағдайда жүргізіледі. Шарт Тапсырыс берушінің және өнім берушінің уәкілетті өкілдерінің қатысуымен өнім берушінің және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері қол қоятын тауарды қабылдау туралы актімен ресімделеді.

3.7. Тауарды сапа бойынша қабылдау 3.4-тармақта көрсетілген құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Шарттың тізбесі мен техникалық ерекшелігімен (Шартқа №1, №2 қосымшалар).

3.8. 3.7-тармаққа сәйкес қойылатын сапа талаптарына сәйкес келмейтін тауар табылған кезде. Тапсырыс беруші мұндай тауарды қабылдамайды және оны өнім берушінің есебінен жауапты сақтауға ресімдейді.

3.9. Егер Өнім беруші 3.2-тармақтарда көрсетілген жағдайларда тауарды жауапты сақтау туралы шартқа қол қоюдан бас тартса., 3.6. және

3.8. Тапсырыс беруші тауардың сақталуына жауапты болмайды

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндетті:

4.1.1. Шарттың шарттарына сәйкес Тауарды жеткізу;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) арналған Шартта елішілік құндылықтың үлесін есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Түпкілікті қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Сатып алынатын тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанының сертификаты (түпнұсқасы, нотариат куәландырған көшірмесі немесе ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі).

4.1.2.3. Шарттың 2.5-тармақтарына сәйкес төлемнің алдындағы құжаттар.

4.1.2.4. Тапсырыс берушіге көрсетілген елішілік құндылық көрсеткішінің үлесін растайтын түсіндірме акпарат беру

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес тауардың саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін беруін талап етуге;

4.1.4. Сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндеттенеді;

4.2. Өнім беруші:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шарт бұзуға;

4.2.4. Тапсырыс берушіден Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақытылы қайтаруды талап етуге құқығы бар.





4.3. Тапсырыс беруші міндетті:

4.3.1. Шарттың шарттарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдау.

4.3.2. Өнім берушіден беру-өткізу актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда беру-өткізу актісіне қол қою.

4.3.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүргізу.

4.3.4. Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта белгіленген сапаға және санға сәйкес Тауарды алу.

4.4.2. Шарттың бағасын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстарды немесе Жұмыстардың кез-келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы өнім тізімдемесімен Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтару.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Көрсетілген елішілік құндылық көрсеткішінің үлесін растайтын өнім берушіден түсіндірме ақпаратты талап ету.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген тауардың техникалық ерекшелікке және Шарттың өзге де талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген тауардың саны мен сапасы мәселелері бойынша, оның ішінде қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде анықталмайтын ақаулар бойынша (жасырын ақаулар) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде талап қояды.

Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күндері ішінде жауап бермесе, мұндай шағым Өнім беруші мойындаған болып саналады және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған сәттен бастап жұмыс күндері ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін жеткізуге міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауар Тапсырыс беруші қабылдаған болып есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төлеуге жатады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін жеткізілетін тауардың сапасына кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген тауардың жеткізілген тауарды қалыпты пайдалану шартымен конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарға Қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап 12 месяцев белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде тауардың ақаулары немесе оның шарт талаптарына сәйкес келмеуі анықталса, өнім беруші Тапсырыс беруші тиісті талаптарды ұсынған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ақаулы тауарды жаңасына өз есебінен ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа тауарға ауыстырылған сәттен басталады. Тауарларды ауыстыру бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші өз мойнына алады.

6.4. Егер тауарды ауыстыру бойынша кідіріс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда, кепілдік мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылады.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес Тауарлардағы елішілік құндылықтың үлесін есептемеген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10% аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.





7.2.4. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші "Самұрық-Қазына" АҚ сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімақы (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер (оның ішінде аванстық төлемдер) кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.2. Өнім беруші ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтару кідірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлеуге тиіс.

7.4.3. Тапсырыс беруші тауарды қабылдауды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідіріс сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.4. Тапсырыс беруші Қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ орындалмаған / уақтылы орындалмаған міндеттеме сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған жағдайда (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырыс берушінің Тауарды жеткізу үшін Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өтіп кеткен залалдарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасынан Өнім берушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және осыған байланысты туындаған залалдарды ұстап қалуға құқылы.

7.6. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімді емес әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін осы Шарттың талаптарына сәйкес өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері шарт сомасының 10% - % аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

8.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе Өнім берушінің таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде, сондай-ақ Тәртіпте айқындалған өзге де жағдайларда;

8.3.3. Тауарларды алудағы негізді орынсыздыққа байланысты, атап айтқанда:

8.3.3.1. төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

8.3.3.2. тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

8.4. Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне





оның нақты шеккен шығыстарын төлеген кезде бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіден Шарттың талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген шығындар мен шығындарды, сондай-ақ ұсынылған өсімпұлдар мен айыппұлдар сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқылы.

8.6. Тапсырыс беруші Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шарттан бас тартудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шарттан бас тарту туралы хабарламаның күшіне ену күні ескертілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған кезде Өнім беруші Шартты орындауға байланысты Шартты бұзған күнгі нақты шығындар үшін ғана ақы төлеуді талап етуге құқылы.

Авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ауыстыру және (немесе) шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу бөлігінде Шарт бойынша міндеттемелерді Мердігер бұзған жағдайларға алдын ала хабарлама бойынша міндеттемелер қолданылмайды.

9. Хабарламалар

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзгеше түрде айтылмаса, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кешіктірулер жазбаша түрде жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Тараптардың деректемелерімен Шарт нөмірі болуға тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен түпнұсқасын беру арқылы 5 (бес) жұмыс күні ішінде факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, телеграмма немесе факс арқылы жіберілген кез-келген хабарлама (алдыңғы алуды растаусыз) тапсыру уақытында жеткізілген деп есептеледі.

9.5. Тапсырыс (әуе) хат арқылы жіберілген ескерту пошталық жеткізуді растайтын пошталық бөлімнің немесе курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілген деп есептеледі.

10. Шарттың мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және по 31.12.2025 қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде олар толық аяқталғанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Егер бұл форс-мажорлық жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «форс-мажорлық жағдайлар» Тараптардың еркінен тыс және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғаларға әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемиялар, карантиндер, эмбарго және басқалары сияқты әрекеттер кіруі мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Форс-мажорлық жағдай туындаған кезде, міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа пайда болған сәттен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде форс-мажордың күтілетін ұзақтығы туралы жазбаша (хабарлама) хабарлауға, сонымен қатар осындай жағдайлар мен олардың себептері туралы, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың болуын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Шартқа қатысты Тараптар арасында пайда бола алатын барлық даулар және келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез-келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасының нормаларымен реттеледі.

12.4. Егер осындай келіссөздердің нәтижесінде тараптар шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады: Астана қаласының соттарында 30 000 айлық есептік көрсеткіш талаптарының сомасы кезінде және одан да көп; 30 000 айлық есептік көрсеткіштен кем талаптар сомасы кезінде немесе мүлдіктік емес сипаттағы талап-арыздар бойынша Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша соттарда. Осы Шартта реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар мен олардың қызметкерлері төлем жасамайды, төлеуге ұсыныс





жасамайды және қандай-да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде заңсыз артықшылықтарға немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін қандай-да бір ақшалай қаражат немесе құндылық төлеуге жол бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы шарттардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

13.5. Тарап жазбаша хабарламада контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін таниды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Тараптар Шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартады.

13.9. Тапсырыс беруші Шарттың екінші тарапына "Кедентранссервис" АҚ - да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының қағидаттары мен талаптары туралы хабарлайды (бұдан әрі-саясат). Екінші Тарап шарт жасасу арқылы тапсырыс берушінің саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасамауға міндеттенеді.

13.10. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық пара беру не Тараптар қызметкерінің өзінің қызметтік жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы, ақша, құндылықтар, сыйлықтар және мүліктік, физикалық немесе моральдық сипаттағы өзге де мүлік немесе көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу мақсатында өзге де заңсыз пайдалануы, тараптар үшін өзге де мүліктік құқықтар алу жатады. өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін не аталған адамға басқа жеке тұлғалардың мұндай пайданы заңсыз беруі және өзге де мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, Қазақстан Республикасының Не болу және/немесе бизнесті жүргізу елінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес тараптар (бұдан әрі - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар).

13.11. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алды немесе орын алуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда (сыбайлас жемқорлық қылмыс жасауына байланысты екінші Тараптың қызметкерлеріне(қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпаратты не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпаратты алған кезде) мұндай Тарап бұл туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда хабарлауға міндеттенеді тиісті фактілер (бұдан әрі - Хабарлама) және басқа Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алмағанын немесе орын алуы мүмкін .стігін Растауды алғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген Растауды екінші Тарап хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде беруге тиіс.

13.12. Тапсырыс беруші сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелерін сақтаған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдардың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

13.13. Шарттың екінші тарапында шарттың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған кезде Шарттың екінші тарапы Тапсырыс берушіні кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде Байланыс ақпараты Тапсырыс берушінің корпоративтік веб-сайтында орналастырылған "жедел желі" арқылы дереу хабардар етуге міндеттенеді

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия еместігіне және Қазақстан





Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының веб-порталында және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді екендігіне өз келісімін білдіреді.

Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болады және Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз бұл ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне қатысты мәселелерді оларды практикалық шешу мүддесінде немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не оған уәкілетті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда сотта қарау жағдайларына қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс берушінің «Самұрық-Қазына» АҚ Шарт бойынша ақпаратты, оның ішінде деректемелер мен төлем деректемелері туралы ақпаратты қоса алғанда, онымен шектелмей, Тапсырыс берушіге қызмет көрсететін банктің контрагенттерін деректерді берудің қауіпсіз каналы арқылы байланыс арналарының қажетті хаттамаларын қолдана отырып, «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық-талдамалық жүйесіне жіберу арқылы жария етуге құқылы екеніне келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шарттың талаптарымен келісе отырып және Өнім берушінің кепілдіктері негізінде және оларға адалдықпен сүйене отырып, Өнім беруші:

(а) Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның және (немесе) SDN санкциялық тізімдерінде (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) санкциялар тізіміне, сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа санкциялар тізіміне енгізілмегеніне кепілдік береді.

Өнім берушінің Шартпен келісімі осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкцияларды бұзуға әкеп соқпайды;

(б) Өнім беруші Шарт бойынша тиісті міндеттемені орындауға міндетті болған күні және осы Шартқа сәйкес оның нақты орындалған күніне дейін – Өнім берушінің шоттары, оның ішінде Шарт бойынша төлемдер жасау үшін пайдаланылатын меншікті және корреспонденттік шоттары АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын оларға қатысты активтерді тоқтату режимі қолданылатын ЕО-ның қаржылық санкцияларының объектілері болып табылатын адамдардың, топтардың және ұйымдардың жиынтық тізбесіне енгізілмеген (Consolidated List of persons, groups and entities subject, under EU Sanctions, to an asset freeze and the prohibition to make funds and economic resources available to them) және (немесе) Ұлыбританиядағы Қаржылық санкцияларды жүзеге асыру жөніндегі басқарманың қаржылық санкциялар объектілерінің жиынтық тізімі (Consolidated List of financial sanctions targets of the Office of Financial Sanctions Implementations in the UK) және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – шетелдіктердің тізімі корреспонденттік шот немесе өтпелі төленетін шот ашатын немесе жүргізетін қаржы институттары тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынады), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі) банктерде немесе қаржы институттарында орналасқан.

(с) Мердігердің атынан осы Шартқа қол қоятын тұлға(лар) АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (Office of Foreign Assets Control of U. S. Department of the Treasury) басқаратын Еуропалық одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялар тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе өтпелі төлем шотын ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ аумақтан тыс әрекеті бар кез келген басқа Санкциялар тізіміне енгізілмеген.

15.2. Егер Өнім берушінің қандай да бір кепілдігі жалған, анық емес және (немесе) дәл болмаса, Өнім беруші екінші Тараптың талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, Өнім берушінің осындай кепілдігінің дәйексіздігі немесе дәл емес болуы нәтижесінде немесе оған байланысты туындаған тікелей және/немесе жанама шығындарды екінші Тарапқа өтеуге міндетті. Бұл ретте Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.

15.3. Егер Шартпен келісім жасалған күннен кейін қандай да бір жаңа Санкциялық Акт қабылданса немесе қандай да бір қолданыстағы





Санкциялық Актіге өзгерістер енгізілсе немесе тиісті юрисдикцияның құзыретті мемлекеттік органының ресми түсіндірмесіне немесе шешіміне байланысты қолданылып жүрген Санкциялық Актінің («Жаңа Санкциялар») қолданылу аясы кеңейсе немесе өзгеше түрде өзгерсе және осындай Жаңа Санкциялар:

(а) ақылға қонымды және негізделген қорытынды бойынша Тараптар екінші Тараптың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын мүмкін етпеуі немесе айтарлықтай қиындатуы мүмкін және (немесе)

(б) осындай Тараптың қаржыландыру көздеріне және (немесе) Тарап үшін тікелей және/немесе жанама шығындарға (олардың ақылға қонымды қорытындысы бойынша) ұзақ уақыт қол жеткізе алмауына әкеп соқтырған немесе әкеп соқтыруы мүмкін және (немесе)

(с) олар бұзушылыққа немесе өнімді жеткізуді/жұмысты тоқтатуға әкелуі мүмкін

(д) Тараптардың қандай да бірінің елеулі кредиттік шарттарында қамтылған, оларды сақтау Жаңа Санкциялармен мүмкін емес немесе айтарлықтай кедергі келтіретін Тараптардың міндеттемелерін (ковенанттарын) бұзуға әкеп соғады және (немесе)

